

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің түлектері
қауымдастығы мүшелерінің жиналысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

« 11 » қыркүйек 2020 ж.

Төрағасы: Талгат Ахметов

Хатшы: Данекер Какимова

Қатысқандар: БҚИТУ түлектері қауымдастығының мүшелері: Талгат Ахметов, Данекер Какимова, Мирас Иманғалиев, Алия Садыкова, Кали Максотов, Абай Бұршеков, Сергей Чампалов, Айгерим Боранбаева, Нурболат Джанболатов, Андрей Ергучев, Фариза Мустафина, Антон Алексеев, Галимат Куанышкали.

Шақырылғандар:

1. БҚИТУ-дың тәрбие ісі жөніндегі проректоры А.И.Абекешев

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) Студенттерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған іс-шараларды онлайн форматта өткізу
- 2) Қарт адамдарға көмек көрсету үшін волонтерлік топтың түлектері мен оқитын студенттерінің арасынан ұйымдастыру
- 3) БҚИТУ-дың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жөніндегі мәселелерді қарау.

Спикерлер:

Бірінші сұрақ бойынша Бұршеков Абай сөз алды:

ЖОО студенттеріне осы оқу ордасының түлектерімен және Батыс Қазақстан облысының көрнекті ғалымдарының қатысуымен тәрбие сипатындағы онлайн іс – шараларды ("Мәншүк – қазақ даласының қызы", «Б.Момышұлы-қазақ халқының ұлы» және т. б.) ұйымдастыру ұсынамын.

Екінші сұрақ бойынша:

Максотов Қали: пандемия кезінде аз қамтылған отбасыларға, қарт адамдарға және ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көмек көрсету бойынша еріктілер тобын құру үшін ЖОО-ның білім алушы студенттерімен бірге түлектерді тарту қажет.

Үшінші сұрақ бойынша:


Какимова Данекер, ол қатысушыларды Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жоғары оқу орнын дамытудың негізгі мақсаттары, міндеттері және оның Орта мерзімді перспективаға арналған Орнықты даму тетігі белгіленген негізгі құжат болып табылады. Батыс Қазақстан 'инновациялық-технологиялық университетінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында университеттің миссиясы мен пайымы, жай-күйін талдау, ЖОО-ны дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелері ұсынылған. Мен келесі бағытты-осы құжат бойынша мүмкіндіктерді қолдағанымызды қалаймын:

- әлеуметтік әріптестікті дамыту, студенттер мен магистранттардың тәжірибесін ұйымдастыру үшін жұмыс берушілерді тарту, түлектерді жұмысқа орналастыру;
- жақын және алыс шетелдердің ЖОО-мен және ҒЗИ-мен ынтымақтастықты кеңейту.

Шешім:


1. Студенттермен интернет платформа арқылы іс-шаралар өткізу.
2. Волонтерлік топтар осы жылдың соңына дейін ҰОС және тыл ардагерлері үшін "қайырымдылық" акциясын өткізуі тиіс.
3. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бір ауыздан қолдаймыз.

Төрағасы:


(қолы)

Т.Ахметов
(аты-жөні)

Хатшы:


(қолы)

Д.Какимова
(аты-жөні)